



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**БАНКТЕРДІҢ  
КРЕДИТТЕУ БОЙЫНША  
ПІКІРТЕРІМІ  
2020 ЖЫЛҒЫ  
3-тоқсан**

# Кредиттеу жөнінде банктерге пікіртерім жүргізу

2020 жылғы 3-тоқсан

## Корпоративтік секторды кредиттеу

2020 жылғы 3-тоқсанда кәсіпкерлік субъектілері тарапынан кредитке сұраныс өсті, ал кредиттеу талаптары біршама қатаңдатылды. Карантиндік шараларды жеңілдету аясында экономиканың зардап шеккен салаларына қатысты бизнестің бір бөлігі біртіндеп өз қызметін қалпына келтірді, тиісінше, кредиттер бойынша төлемдерді қалпына келтірді. Дегенмен, ірі банктердің пікірінше кейбір салалардың, әсіресе мейрамхана мен қонақ үй бизнесінің кредиттерді өтеу бойынша қиындықтарға ұшырауы жалғасуда.

Кредитке сұраныстың өсуі көбінесе шағын және орта бизнес субъектілерінің есебінен болды, оны банктер кредитке кейінге қалдырылған сұраныс пен мемлекеттік бағдарламалар есебінен жүзеге асырды деп санайды. Бұл ретте жекелеген банктер ірі бизнес тарапынан сұраныстың аздап төмендегенін атап өтті. Сонымен қатар, ағымдағы экономикалық ахуал аясында қарыз алушылардың негізгі қорларды қаржыландыруға қажеттілігі азайды, сондай-ақ ұзақ мерзімді қарыздарға сұраныс төмендеді.

Банктердің бизнесті кредиттеуге дайындығы бұрынғы деңгейде сақталды. Шағын және орта бизнес үшін, сол сияқты ірі бизнес үшін де кредиттеу талаптары аздап қатаңдатылды. Атап айтқанда, кепілмен қамтамасыз етуге және қарыз алушының қаржылық жағдайына қойылатын талаптар арттырылды. Жекелеген банктер қарыз алушының кредитті өтеу перспективаларын бизнес саласына байланысты мұқият бағалай бастады. Банктер кредиттеу талаптарының қатаңдатылуына әсер еткен негізгі факторлары деп экономиканың жекелеген салаларындағы тәуекел бейінінің нашарлауы, кепілмен қамтамасыз ету тәуекелінің ұлғаюы және тәуекелі жоғары қарыздар үлесінің өсуі есептейді. Есепті тоқсанда банктер сыйақы мөлшерлемесін өзгерткен жоқ.

Келесі тоқсанда орта және ірі бизнес тарапынан кредитке сұраныстың өзгеруі күтілмейді. Жекелеген банктердің болжамы бойынша келесі тоқсанда шағын бизнес сегментінде кредитке сұраныс өседі. Респонденттер мұны қамтамасыз етумен, сол сияқты қамтамасыз етусіз де шағын бизнесті кредиттеудің жана өнімдерінің іске қосылуымен түсіндіреді. Сонымен қатар банктер кредиттеу талаптарында айтарлықтай өзгерістер күтпейді.

## Жеке тұлғаларды кредиттеу

3-тоқсанда жеке кредиттеуге сұраныс барлық сегменттер бойынша өсті. Көптеген салаларда еңбек қызметінің жандануымен ипотекалық, сол сияқты тұтынушылық қарыздарға өтінімдер саны өсті.

Ипотекаға сұраныс негізінен ірі банктерде өсті. Өткен тоқсандағыдай, сұраныстың ұлғаюына жылжымайтын мүлік нарығын дамыту перспективалары және мемлекеттік бағдарламалар аясында берілетін кредиттердің қол жетімділігі әсер етті. Банк өкілдерінің айтуынша, халықтың жылжымайтын мүліктің қайталама объектілеріне жоғары қызығушылығына байланысты «Баспана-Хит» бағдарламасы клиенттер арасында, оның ішінде «7-20-25» бағдарламасының талаптарынан өтпеген қарыз алушылар есебінен үлкен танымалдыққа ие болды. Ірі банктер сонымен қатар ипотека сұранысының өсуін пайыздық мөлшерлемелердің аздап төмендеуімен байланыстырады. Тұтынушылық кредиттеу бойынша сұраныс маркетингтік акциялар мен науқандар өткізу есебінен кепілсіз қарыздар сегментінде айтарлықтай ұлғайды. Сонымен қатар, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ жеңілдікті автокредиттеу бағдарламасы шеңберінде қаражатты игеру аясында 3-тоқсанда да автокредиттерге сұраныс артты. Банк өкілдері клиенттердің осындай жоғары қызығушылығын карантиндік шаралар кезеңінде кейінге қалдырылған сұранысты жүзеге асырумен түсіндіреді.

Банктердің ипотекалық кредиттеуге дайындығы өзгерген жоқ. Халықтың төлем қабілеттілігі деңгейінің нашарлауы аясында кейбір банктер ипотекалық кредиттеу талаптарын кепілмен қамтамасыз ету бөлігінде қатаңдатты. Кепілсіз қарыздар мен автокредиттеу бойынша кредит ұсыну айтарлықтай өсті. Сапалы қарыз алушы үшін бәсекелестік нәтижесінде банктер тұтынушылық кредиттеу талаптарын жеңілдетті. Атап айтқанда, кредиттік лимит ұлғайтылды, қарыз алушылардың кредиттік қабілеттілігіне қойылатын талаптар төмендетілді және стандартты қарыздар бойынша маржа қысқартылды. Сонымен қатар, кейбір банктерде тұтынушылық кредиттеудің барлық түрлері бойынша сыйақы мөлшерлемелері төмендеді. Алайда, кейбір жағдайларда банктер тұтынушылық қарыздарға кепілдік талаптарын аздап өсірді және пайыздық мөлшерлеменен байланысы жоқ комиссияларды көбейтті.

4-тоқсанда банктер жеке кредиттеудің барлық сегменттеріне сұраныстың аздап өсуін күтеді. Банктердің тұтынушылық қарыз беруге дайындығы біршама артады. Тұтынушылық кредиттеу бойынша талаптар кредиттік лимит және клиенттің төлем қабілеттілігіне қойылатын талаптар бөлігінде жеңілдеуі жалғасады. Жекелеген банктер кепілсіз қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуді жоспарлап отыр.

## Зерттеу бойынша жалпы ақпарат

Ұлттық Банк банктерге кредиттеу бойынша сауалнаманы тоқсан сайынғы негізде кредиттік ресурстарға сұраныс пен ұсыныстың өзгеруін бағалау мақсатында жүргізеді. Сауалнама банктің жалпы кредиттік саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерін басқаруға жауап беретін банк басшыларына арналған. Зерттеу барысында барлық банктерде сауалнама арқылы және кейіннен жекелеген банктердің өкілдерінен сұхбат алумен пікіртерім жүргізіледі. Көптеген сұрақтарға жауаптардың төменде келтірілген бір нұсқасын таңдауды көздейді:

-1 = едәуір азаяды (азайды)/қатаңдайды (қатаңдады)

-0,5 = аз ғана азаяды (азайды)/ қатаңдайды (қатаңдады)

0 = сол деңгейде қалады (қалды)

0,5 = аз ғана өсті (өседі)/ жеңілдейді (жеңілдеді)

1 = едәуір өсті (өседі)/ жеңілдейді (жеңілдеді)


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін сауалнама нәтижелері өлшемдердің ұлғайғанын (жеңілдегенін) атап өткен респонденттер мен оның төмендегенін (қатаңдануын) атап өткен респонденттер үлесі арасындағы айырмасын – таза пайыздық өзгерісті (ТПӨ) есептеу арқылы қарапайым орташа мән ретінде біріктірілді.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап зерттеу нәтижелері кредиттеу нарығының тиісті сегментіндегі банктің үлесін ескере отырып ТПӨ-ге біріктіріледі. Бұл индикатордың мәні - егер барлық банктер «едәуір азайды/қатаңдады» дегенді таңдаса - 100%-дан, егер барлық банктер «едәуір ұлғайды/жеңілдеді» дегенді таңдаса - 100%-ға дейін өзгеруі мүмкін.

Осы ТПӨ индикаторының оң мәні өсу (жеңілдеу) үрдісін, теріс мәні - өлшемдердің төмендеу (қатаңдау) үрдісін білдіреді. Бұл ретте таза пайыздық өзгерістің мәні өлшемдегі өзгеріс шамасын көрсетпейді, тек өзгерістің өзін білдіреді.


2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап келіп түскен және мақұлданған кредиттік өтінімдер бойынша сұрақтар енгізілді (№21, 22, 23 сұрақтар). Келіп түскен өтінімдердің жалпы санында кредиттік шешім қабылданған (мақұлданған/бас тартылған) өтінімдер және зерттеу жүргізу кезінде қарастырылып жатқан өтінімдер қамтылды.

1-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу талаптары



(а) №5 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?  
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.


2-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына сұраныс



(а) №1 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?  
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кәсіпкерлер тарапынан кредиттік ресурстарға сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

3-сурет. Кредиттеудің жекелеген талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №7 сұрақ: Кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келісі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

## 4-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №8 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Оң таза өзгеріс корпоративтік секторға арналған кредиттеріне сыйақы мөлшерлемелерінің төмендеу белгісі болады.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредиттеу талаптары


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?  
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс кредиттеу талаптарын жеңілдету белгісі болады.

6-сурет. Жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныс


Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №9 сұрақ: Жеке тұлғалардың кредитке сұранысы соңғы 3 айда қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды қоспағанда)? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғалардың кредитке сұранысы келесі 3 айда қалай өзгереді?  
 (б) Оң таза пайыздық өзгеріс жеке тұлғалар тарапынан кредит ресурстарына сұраныстың ұлғаюының белгісі болады.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу талаптары

Таза пайыздық өзгеріс




(а) №16 сұрақ: Ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше ипотекалық кредиттеудің төменде келтірілген талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?

(б) Таза оң пайыздық өзгеріс ипотекалық кредиттеудің талаптары қысқаруының белгісі болады.


8-сурет. Тұтынушылық кредиттеудің талаптары

Таза пайыздық өзгеріс



- (а) №13 сұрақ: Жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше жеке тұлғаларды кредиттеу талаптары келесі 3 айда қалай өзгереді?  
 №15 сұрақ: Тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше тұтынушылық кредиттеудің төменде келтірілген факторлары келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс тұтынушылық кредиттеудің талаптарын қысқарту белгісі болады.

## 9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі



- (а) №18 сұрақ: Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі соңғы 3 айда қалай өзгерді? Сіздің пікіріңізше кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі 3 айда қалай өзгереді?
- (б) Таза оң пайыздық өзгеріс жеке тұлғаларға арналған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендету белгісі болады.